




V GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019: CENTRAL ASIA

INTERNATIONAL-SCIENTIFIC PRACTICAL CONFERENCE

KAZAKHSTAN/RUSSIA/BELARUS/KYRGYZSTAN/MONGOLIA/
TAJIKISTAN/TURKEY/UKRAINE/UZBEKISTAN



ASTANA 2019



**Объединение юридических лиц в форме ассоциации
«Общенациональное движение «Бобек»»**

**«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS
2019:CENTRAL ASIA»**

атты V Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция
ЖИНАҒЫ

МАТЕРИАЛЫ

V Международной научно-практической
конференции
**«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019:
CENTRAL ASIA»**

II ТОМ

АСТАНА – 2019



УДК 378
ББК 74.58
С 54

Международная редакционная коллегия:

Х.Б. Маслов, Е. Ешим, Е. Абиев (Казахстан), Лю Дэмин (Китай),
Е.Л. Стычева, Т.Г. Борисов (Россия)

С 54

«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019: CENTRAL ASIA»

атты V Халықар. ғыл.-тәж. конф. материалдары (II ТОМ)/ Құраст.: Е. Ешим, Е. Абиев т.б.– Астана, 2019 – 368 б.

ISBN 978-601-341-108-8

«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019: CENTRAL ASIA» атты V Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағына Қазақстан, Ресей, Белорус, Украина, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Монғолия жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердің қызметкерлері мен ұстаздары, магистранттары, студенттері және мектеп мұғалімдерінің баяндамалары енгізілді. Жинақтың материалдары жоғары оқу орнындары мен ғылыми мекемелердегі қызметкерлерге, оқытушыларға, мектеп және колледж мұғалімдеріне, магистранттар мен студенттерге арналған.

V Международная научно-практическая конференция «GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019: CENTRAL ASIA», включают доклады ученых, студентов, магистрантов и учителей школ из разных стран (Казахстан, Россия, Белоруссия, Украина, Кыргызстан, Узбекистан, Таджикистан, Монголия). Материалы сборника будут интересны научным сотрудникам, преподавателям, учителям средних школ, колледжей, магистрантам, студентам учебных и научных учреждений.

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-341-108-8

© ОЮЛ в форме ассоциации
«Общенациональное движение «Бобек», 2019



- кийимларнинг асосий деталларини тикишга мўлжалланган махсус қурилмалар ва машиналар комплексини ишлаб чиқиш;
- буюмларга иссиқлик ва намлик билан ишлов беришни автоматлаштириш ва назорат қилиш;
- бир вақтда бир нечта ишни бажарадиган махсус машиналарни ва кичик механизациялаштирилган комплексларни ишлатиш.

Кийим тайёрлаш учун материалларнинг кўплаб турлари ишлатилади: газлама, трикотаж, табиий ва сунъий чарм, замш, мўйна ва аралаш толали материаллар. Кийим учун тикувчилик газламалари асортименти табиий, сунъий (вискоза, полиноза, ацетат, мис-аммиакли ва х.к.) хом ашёдан, шунингдек кўрсатилган компонентлар аралашмасидан ишлаб чиқилган материалларни ўз ичига олади.

Тўқимачилик газламаларини ишлаб чиқариш ва пардозлаш жараёнида, улардан буюмларни тайёрлаганда ҳам айниқса буюмларни ишлатганда газламаларнинг тузилиши ўзгаради ва хусусиятлари аста-секин ёмонлашади. Бу жараён газламаларнинг эскириши деб аталади. Эскириш натижасида газламалар емирилади. Газламанинг сирти бутунлай емирилса, бу ҳолдаги емирилиш умумий емирилиш деб аталади. Газламанинг сирти қисман емирилиса, бу ҳолатдаги емирилиш жойдаги емирилиш деб аталади. Умумий емирилиш буюмларни бутунлай ишдан чиқаради. Емирилиш жараёнида газламаларга таъсир этувчи омилларни куйидаги гуруҳларга бўлиниши мумкин:

1. Механикавий омиллар.
2. Физик-кимёвий омиллар.
3. Биологик омиллар.
4. Комплекс ёки аралашма омиллар.

Механик омилларга ишқаланишда йилиш ва такрорланган деформациялар натижасидачарчаш жараёни киради. Юқорида айтилганидек, чарчаш натижасида газламаларнинг тузилиши ўзгаради ва буюмлар ўз шаклини йўқотади, хусусиятлари ёмонлашади ва улар емирилади. Бундай емирилишда газламаларнинг вазни деярли даражада ўзгармайди. Ишқаланиш таъсирида газламаларнинг массаси анча ўзгаради. Бу ўз навбатида уларнинг мустақамлигининг камайишига олиб келади.

Шунингдек бугунги кунда тикувчилик машиналарида маҳсулот ишлаб чиқариш жараёнида кўплаб нуқсонлар ҳосил бўлиш жараёни содир бўлмоқда, буларга баҳяқатор сифати пастлиги, ип ташлаб тикилиши, ип узилиши, материалнинг қийин сурилиши, игна синиши кабилар мисол бўлади. Тикув машиналари ишида содир бўладиган нуқсонлар, уларни бартараф этиш йўллари, машина қурилмалари конструкциясини такомиллаштириш борасида ҳам кўплаб тадқиқотчилар иш олиб бормоқда. Ушбу тадқиқотлар ўтказилишидан мақсад тикув машиналари қурилмаларининг конструкцияси яларини такомиллаштириш орқали маҳсулот ишлаб чиқариш жараёнининг сифатини яхшилашдан иборат.

Ушбу тадқиқотлар натижасида тикув машиналарида бажариладиган технологик жараёнлар ҳамда ишчи органлари конструкциялари қиёсий таҳлил қилиниб, такомиллаштириш йўллари ишлаб чиқиш режалаштирилмоқда. Замонавий ва ҳар томонлама такомиллашган универсал машиналар асосида келажакда замонавий кийимлар ишлаб чиқиш жараёни сифати янада ошади.

Айни пайтда кийим ишлаб чиқариш саноати учун иқтисодий жиҳатдан самара берувчи, истеъмолчи эҳтиёжларини қондира оладиган буюмларни ишлаб чиқаришда етук, юқори малакали мутахассис кадрлар билан таъминлаш керак бўлади. Келажакда жамиятимизга фойда келтирадиган ва тикувчилик саноатининг ривожига ўзимизнинг ҳиссамизни қўшишга умид билдириб қоламиз.

Адабиётлар:

1. uza.uz documents.



2. Сиддиқов П.С. . Тұқимачилик саноати махсулотлари технологияси ва жиҳозлари. “Фан ва технологиялар”. 2012.- Тошкент.- Б.109-110.

ӘОЖ 330.341

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ НЕОИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ ҮЛГІЛЕРІ**

**Қорған Бибиңұр Бүркітқызы
Жасұланов Ерсұлтан**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік Университетінің
6M050600 – Экономика мамандығының 1 курс магистранты
Ғылыми жетекші: Ә.М.Адиетова- экономика ғылымдарының кандидаты,
Нургалиева Айнаш Амангельдиновна - экономика ғылымдарының кандидаты

Ұзақ мерзімді кезеңде Қазақстан экономикасында бәсекелестік артықшылықтардың дамуы инновациялық экономикаға көшу негізінде пайда болды. Қазіргі инновациялық экономика дамытудың негізгі базасы ретінде қызмет ету негізі біртекті емес, сызықты емес және көпшектеулі үдеріс емес инновация иеленушілердің қызметі болып табылатын Ұлттық инновациялық жүйені қалыптастырады.

Кез - келген экономикалық жүйенің дамуы эволюциялық даму мен сапалы модернизация кезеңдерін қамтиды, ал бір экономикалық жүйеден 2 – ші жүйеге ену бұрынғы жүйелік негіздемесі өзгертетін оның құрылымының сапалы өзгерісін, олардың ұдайы өндірісінің элементтерін механизмдердің өзара байланысын жүзеге асырады [1].

Экономикалық модернизация дегеніміз – ұлттық экономиканың жаһандық бәсекеқабілеттілігін арттыруға бағытталған құрылымдық, технологиялық және институционалдық өзгерістерді білдіреді. Қалыптасу – даму үлгісінен экономикалық өсудің инвестициялық – инновациялық типтегі неэкономикаға көшу экономикалық дамудың модернизациялық векторының жүзеге асуымен қамтамасыз етіледі.

Қазақстанның экономикалық дамуының идентификациясы мақсаттар иерархиясының, құралдардың, ерекше бағыттарының ерекшелігіне негізделеді.

Сондықтан да модернизация неоиндустриализация негізінде жүзеге асырылады. Ғалымдардың пікірінше – бұл инновациялық экономикаға көшу дегенді білдіреді. Бұл жерде инновация мен неоиндустриализация арасындағы байланыс анықталады.

Қазақстанның өткен жылдардағы деиндустриализациясында еліміз тек өндіруші өнеркәсіп ретінде ғана дамыды, бұл экономиканы дамытпайды, керісінше, құлдыратады. Дамыған елдер тәжірибесі көрсеткеніндей, шикізат экономикасы бәсекеге қабілетті болып табылмайды, дүниежүзілік нарықта өз бағасын қоя алмайды, ол тек әлеуетті жұмыссыздық үшін және табыстардың төмендеуі үшін ғана ашық болады.

Трансформациялық экономика дегеніміз – бұл экономика эволюциясының ерекше кезеңі, бұл кезеңде бір жетілген кезеңнен келесісіне ауысады, яғни экономикалық дамытуды сипаттай отырып, қоғамның аралық жағдайын көрсетеді.

Осы трансформациялық экономика арқылы жүзеге асатын неоиндустриализация технологиялық деңгейде жүзеге асу қажет. Ал ол үшін инновацияны кезең бойынша экономиканың дамуына сәйкес енгізуіміз қажет. Инновациялық үдерістің белсенділігін арттыру жаңашылдықты жасақтау, енгізу және тарату үшін әлеуметтік және экономикалық институттардың өзара байланысы ретінде бекітілетін Ұлттық және аймақтық инновациялық



жүйені қалыптастыру арқылы тәжірибеде жүзеге асырылады. Дүниежүзі бойынша бәсекеге қабілетті елдердің инновациялық жүйесі әр қайсысында әртүрлі дамығанымен шығатын қорытынды былайша сипатталады: бұл елдердегі инновация генезисі және оның жүзеге асуы тиімділік пен нәтижеліліктің жоғары көрсеткішін көрсетеді.

Қазақстандағы Ұлттық инновациялық жүйенің элементтері соңғы 10 жылда қалыптасып отырғанымен, елде инновациялық қызметтің сызықтық үлгісі туралы ескірген көзқарастары және ғылыми – техникалық үдерістерінің тиімділігін көрсететін элементарлы тізбек: ғылымға жұмсалған шығын – сату көлемінің нәтижелі өсімі орын алып отыр. Дегенмен де постиндустриалды экономикадағы инновация диффузиясының үдерісі сызықтық жолмен жүзеге асырылмайды, көшіру үдерісі көбейіп отыр және бәсекеге дейінгі кезеңде жаңашылдықты жасақтау бойынша бірлестік, инновацияны тарату кластерлерде аз шығынмен жүзеге асырылады.

Біздің елімізде Жаңа білім және технологияны өндірушілермен тұтынушылар арасында өзара байланыс жүйе емес, тежегіш болып отыр, себебі, университеттер бірыңғай патентті тіркейді және ескірген материалдық – техникалық базаның кесірінен, лабораториялық зерттеу жүргізуге және тәжірибе жүргізуге ресурстар болмайтындықтан өздерінің инновациялық қызметін жүзеге асыра алмайды. Нәтижесінде үдемелі индустриализация бағдарламасы технология трансферті болып табылатын инновация мазмұнындағы жобаларды қолдайды [2].

Қазақстанның жүйені қалыптастырушы корпорациялары ғылыми көзқараспен қарағанда қажетті инновациялық импульсті бермейтін анклавтар болып қала береді. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы жаһандық бәсекеге қабілеттілік деңгейі бойынша басқа елдерден артта қалып отыр, оның орнын басқа мемлекеттер басып жатыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасында неоиндустриализация деңгейіне сәйкес болу үшін инновацияны жетілдірудің ұйымдық – экономикалық механизмдерін дамыту қажет.

Соңғы 10 жылдықта дүниежүзілік экономика халықаралық сауданы дамыту арқылы жетіліп отырды, яғни неоиндустриализация арқылы дамытуға болады.

Неоиндустриализация бұл білімге, адам ресурстарына және желіге негізделген экономика болып табылады. Дәстүрлі экономикадан ерекшелігі жаңа экономиканы жаңа ақпарат басқарады. Бір кездері адамның барлығы қолмен жұмыс жасады, бірақ қазір ақыл – ой білімі құнды болып отыр. Өндірістің көптеген салаларына қол емес бас қажет. Индустриализация кезеңі басталғанда көптеген құрал – жабдықтар сандық инновациялық технологияға алмасты. Жаңа экономиканың негізі сауда, коммуникация, бизнес – трансакция, ғылым және зерттеу болып қалды. Адамдар және компаниялар кластерге біріге бастады. Бұрын ең басты экономика ұсынысы кәсіпорын болса, ал қазір ең басты ресурс бұл білім [4].

Сонымен инновация дегеніміз - тәжірибеде және нарықта қолданылатын адамдардың жаңа немесе жетілдірілген өнім түріне енгізілген интеллектуалды қызметінің нәтижесі болып табылады. ХХ ғасырдың аяғында ұлттық және аймақтық бәсекеқабілеттілікпен айналысатын 3 мектеп қалыптасты. Бұл американдық (М.Портер, М.Эйрайт) британдық (К.Фримэн, Дж. Даннинг, Дж.Хамфри) және скандинавиялық (Б.Йонсон, Б.Асхайм, А.Изаксен) мектептер. Скандинавиялық мектеп Ұлттық инновацияның тұжырымдамасының дамуына өз үлесін қосты. Ұлттық инновациялық жүйе түсінігін К.Фриманның әдебиетінде алғаш рет енгізілді.

1980 жылдардың аяғында Б.А.Лундвал және Б.Йонсон Ұлттық инновацияның жүйе тұжырымдамасын жасақтады. Бұл Дания мемлекетінде қарастырылды. Қорытындысында инновация дискретті емес, кумулятивті үдеріс деп қарады. Ол «қосылған инновация» деген түсінік енгізіп инновациялық 4 түрін бөліп көрсетті.

- стационарлық технология (белгілі аймақта немесе өндіріс қалдықтары);
- ашық экономикасы бар шағын елдерге тән қосылған инновация;



-аймағы үлкен, халық саны да көп мемлекеттерге (АҚШ) арналған радикалды инновация;

- дүниежүзілік шаруашылық бойынша технологиялық революция [5].

Лундвалл өз зерттеулерінде оқу, білім алу үдерісіне ерекше көңіл бөлді. Ол экономиканың бәсекегеқабілеттілігін арттыруға қол жеткізу факторинг деп есептеді. 1990 жылы «білім алу экономикасы» деген термин енгізілді. Б.Йонсон шағын елдер институтының жүйесін технологияларының өзгерістер тән білім алудағы ізденіс үдерісімен әрекеттестіреді. Ол ұлттық инновациялық жүйенің институтының сызбасын қалыптастырады.

Бір жағынан білім беру үдерісінде компания қызметкерлері және басқа да ақпарат алмасатын компаниялар өзара байланысады. Екінші жағынан жаңа білімді іздеу мемлекеттік зерттеу институттарында, жеке компанияның лабораториясында және ЖОО-ң ғылыми бөлімшелерінде орналасқан зерттеу секторымен анықталады [6].

Бұл жерде заңның ролі ерекше, себебі заң базасы оны жүзеге асырудың кедергісі болып табылады. Сонымен институттық тәсілде инновациялық қызметті реттеу сапасы реттеу механизмінің кешенді жиынтығымен, әсіресе заң. Қаржы, бюджеттік – салықтық, ақша – несиелік және т.б механизмдерінің жиынтығын, сондай – ақ нарық талабы мен әрекет ету деңгейінің инновациялық жеке жүйелеріне, блоктары мен деңгейлеріне сәйкес келуімен анықталады.

Жүйелік тәсілде кәсіпкерлікті сектор, академиялық университет және Ғылыми орталықтар, мемлекеттік басқарудың орталық және аймақтық органдары, технология трансфертінің орталықтары, технологиялық парктер, қаржылық нарықтар және т.б. элементтерінің жиынтығының өзара байланысын көрсетеді.



Сурет 1 - Б.Йонсонның инновацияның ұлттық жүйесінің институтының сызбасы
 Б.Асхайль және А.Изоксен желілі инновациялық үлгілердің орнына интерактивті инновациялық үлгіні жасақтады.

	Желілік инновациялық үлгі	Интерактивті инновациялық үлгі
Басты фактор	Үлкен фирмалар және ҒЗЖ сектор	Үлкен және шағын фирмалар, тұтынушы, жабдықтаушылар
Инновациялық үдеріс негізі	ҒЗЖКЖ	Нарық туралы ақпарат, техникалық білім
Географиялық зерттеулер	Еліміздің орталық аймақтарындағы инновациялық әрекеттер	Өнеркәсіптік аймақтардағы инновациялық қызмет
Типтік өнеркәсіптік сектор	Фордтік өндіріс	Икемді өнеркәсіптік секторлар
Аймақтық саясатты жүргізу үшін императив	Перифериялық аймақтарда ҒЗЖ-н дамыту	Аймақтардың инновациялық жүйелерді дамыту, фирма қызметін инновациялық жүйелермен кеңінен байланыстыру

М.А. Мухамедьяровтың айтуынша инновациялық саладағы ұлттық экономикалық механизм дегеніміз – ұйымдық, құқықтық, қаржылық, ақпараттық, техникалық және т.б. факторлардың жиынтығын ұсынады. Ұйымдық – экономикалық механизмнің құрамы:

- инновациялық қызметті басқару тәсілдері;
- инновациялық қатынастардың ұйымдық формалары;
- инновациялық қызметті қаржыландыру тәсілдері;
- әр түрлі деңгейдегі инновациялық қаржының қалыптасуы және қолданылу тәртібі;
- инновациялық қызмет тиімділігін бағалау тәсілдемесі;
- инновациялық қызмет саласындағы заң;
- ұлттық инновациялық жүйеге субъектінің белсенділігіне әсер ететін технологиялық тәсілдер, инновациялық үдерісінің ақпаратының және техникасының жаңартылуы.

Функциялық тәсіл ұлттық инновациялық жүйенің тұжырымдамасын оның құрылымының элементтері мен орындалатын қызметтерін қоса қарастырады. Инновациялық жүйенің функциялық тәсіл бойынша қарастырылуы келесі кезеңдерден тұрады.

- еліміздің инновациялық жүйе шекарасын анықтау
- ұлттық инновациялық жүйенің маңызды элементтерін анықтау
- инновациялық жүйенің қызметін бекіту [7].

Жеке сектор өз зерттеулері негізінде технологияны жасақтайды, инновациялық өнімді нарыққа енгізеді, ал мемлекет жеке компаниялардың инновациялық қызметіне арналған инфрақұрылымды, институттық жағдайларды қалыптастыруда, стратегиялық сипаттағы негізгі білім мен зерттеу жұмысының өндірісінде өзара әрекеттесуді және әртүрлі мемлекеттердегі инновациялық жүйені талдау және оларды салыстыру ұлттық инновациялық жүйені жасақтаушылар үшін шешім қабылдаудың негізгі элементі болып табылады. Саясатты жасақтауда 3 қызметті көрсетуге болады:

Біріншіден, бүгінгі күні инновациялық жүйені тұрақтандырудың, қалыптастырудың және дамытудың мінсіз үлгісі жоқ.

Екіншіден, ұлттық инновациялық жүйеде функционалды байланыстардың күрделілігі жоғары: инновациялық үдеріске көптеген әртүрлі механизмдер әсер етеді, әрбір механизм бірнеше қызмет формасына әсер етеді, ал жеке қызметтер өзара байланысты болып табылады.



Үшіншіден, инновациялық жүйенің қызметіне кез- келген килігудің (технологиялық немесе саяси) нәтижесі болжау өте қиын.

Жалпы алғанда ұлттық инновациялық жүйе келесі элементтерді қамтиды:

1. Инновациялық инфрақұрылымның дамуы;
2. Инновациялық белсенді кәсіпорын, ірі корпорациялар, жоғары технологиялық кластерлер;
3. Ғылыми- зерттеу институттары, білім беру мекемелері;
4. Қаржылық инфрақұрылым.

Жоғары көрсетілген элементтерден басқа инновациялық жүйеге саяси, әлеуметтік, мәдени және сыртқы экономикалық факторларда әсер етеді.

Қазақстан Республикасындағы ұлттық инновациялық жүйенің элементтері: ғылыми әлеует, инновациялық кәсіпкерлік, инновациялық инфрақұрылым, қаржылық инфрақұрылым.

Ғылыми әлеуеттің құрамы:

- мемлекеттік ғылыми ұйымдар- министрлік, ведомства ұйымдары, республиканың, облысының, қалаларының басқару органдары, жергілікті басқару органдары.
- Университеттер мен ЖОО, Ғылыми- зерттеу институттары, ЖОО-н конструкторлық – жобалық- констр-қ ұйымдары
- Салалық ҒЗИ-ы, ғылыми зерттеу жұмысына айналысатын өнеркәсіптік кәсіпорын, шағын және орта бизнес;
- ғылыми кадрлар, жеке ғалымдар мен өнертапқыштар;
- ғылыми –зерттеу жұмыстарын орындауға қажетті материалдық-техникалық база

Бүгінгі күні республиканың әлеуеті Білім және ғылым министрлігінің ғылыми ұйымдары, конструкторлық, жобалық- конструкторлық ұйымдар. (жоғары білім саласында).

Инновациялық кәсіпкерлік бұл болашақта коммерциялық пайдалану мақсатында жаңа идеяны қалыптастыру, оларды технологиялық инновация түрінде жүргізе алу. Кәсіпкер өзіне инновациялық жобаны жүзеге асыру тәуелділігін алады. Инновациялық кәсіпкерлердің соңғы нәтижесі нарық сұранысына сәйкес жедел түрде өзгере алатын жоғары технологияның кәсіпорынды дамыту дүниежүзілік нарықта бәсекегеқабілеттілікті ғылыми – сийымдылықты өнімді өндіру. Инновациялық кәсіпкерлік субъект: жеке тұлға, кәсіпорын, компания, бизнес – «періште», инновациялық менеджерлер және т.б.

Ұлттық инновациялық жүйенің инфрақұрылымы инновациялық циклдың ғылыми - зерттеу жұмысынан оны өндіріске және инновациялық өнімді өндіргенге дейінгі кезеңін қамтыған ресурстардың қамту және қаржыландыру үдерісі болып табылады. Ол инновациялық қызметтердің республикалық және жергілікті бюджет құралдары арқылы, кәсіпкерлік сектор арқылы жеке инвесторлар арқылы мемлекеттік қолдауға негізделеді.

Қазақстан Республикасында неоиנדустриализациялық жүйесінің қызмет етуін жан – жақты бағалау ұлттық инновациялық жүйенің нәтижесін анықтайды. Инновациялық қызмет саласында басқарушылық шешімді қабылдау базасы болып табылады. Ұлттық инновациялық жүйе құрамына енетін құрылымның даму тиімділігінің мақсатты индикаторларына қол жеткізу. Ұлттық инновациялық жүйенің өзі Қазақстан Республикасының 2015ж дейінгі ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру және дамыту бойынша бағдарламасының соңғы нәтижесі болып табылады [8].

Дүниежүзілік тәжірибеде ұлттық инновациялық жүйенің дамуын бағалайтын көптеген көрсеткіштер жасақталды. Ұлттық инновациялық жүйенің қызметінің нәтижесінің индикаторлары: адам капиталын бағалау, ғылыми техникалық прогресті бағалау, интеллектуалды капитал нарығының көрсеткіштері. Екінші жағынан индикаторлық жүйені бағалау инновациялық үдерісте ұлттық инновациялық жүйе субъектісінің арасында пайда болатын инновациялық циклдар мен байланыстардың бағалануын да қамтиды. Инновациялық жүйе тиімділігінің көрсеткіштер жүйесі оны қалыптастырудың ұлттық ерекшеліктерін емес, сонымен қатар халықаралық салыстырмалылықты да қамту қажет.



Бағалаудың жасақталған құралдары жүйелік, функционалдык, кешендік, интеграциялың, динамикалық секілді тәсілдерге негізделеді.

Жүйелік тәсілде объектілер жүзеге асырылады. Бұл жағдайда жүйе ресурстарды, мақсатты, сыртқы ортамен байланысты, кері байланысты қамтитын өзара байланысты элементтерінің жиынтығы. Бұл тәсілде жүйеден элементтерге қозғалыс тән.

Комплексті тәсілді қолданғанда инновациялық қызметтің әртүрлі аспектілері (экономикалық, техникалық, экологиялық, ұйымдық, әлеуметтік, психологиялық) т.б. демографиялық саяси аспектілер де ескеріліп, олардың арасындағы байланыс негізге алынады. Аталған аспектілердің бірін ескермеу алға қойылған міндеттердің дұрыс шешілмеуіне ала келеді.

Комплексті тәсіл бағалаудың сандық және сапалық тәсілдерін қамтиды. Жауап алу, эксперттік бағалау әдістерін қамтитын сапалы тәсілдерінің қолданылуы сандық бағалауға жатпайтын инновациялық белсенділіктің тек қана жеке параметрлерінің спецификасымен ерекшеленіп қана қоймайды, сондай - ақ ұлттық инновациялық жүйенің нәтижесін кешенді бағалауға қажетті толық статистикалық ақпараттың болмауымен де байқалады.

Бүгінгі күні халықаралық институттармен ұлттық инновациялық жүйенің даму деңгейін көрсететін көрсеткіштер жүйесі жасақталды. Инновациялық жүйенің тиімділігін бағалаудың бірнеше тәсілдерін қарастырайық:

1) Дүниежүзінің экономикалық форуммен есептелетін жаһандық бәсекеқабілеттіліктің индексі;

2) Еуропалық қауымдастықтың комиссиясының инновациялық қызметін бағалау көрсеткішінің жүйесі;

3) Ұлттық ғылыми қормен жасақталған ғылым мен техниканы дамыту көрсеткіштері;

4) Ұлттық инновациялық жүйенің инновациялық қызметінің жеке әлеуметін сипаттайтын отандық статистика көрсеткіштері.


1. Жаһандық бәсекеқабілеттілік индексі (ЖБИ) Дүниежүзілік экономикалық форум (ДЭФ).

ДЭФ жыл сайын көптеген елдердің бәсекеқабілеттілігі туралы анықтама тапсырады. 2000-2005 ж аралығында елдердің бәсекеқабілеттілігі екі ақ көрсеткішпен сипатталады. Оның бірі бәсекеқабілеттіліктің «макроэкономикалық» деңгейін сипаттау арқылы «бәсекеқабілеттіліктің өсу индексі» деп аталады, ал екіншісі микроэкономикалық деңгей – «іскерлік бәсекеқабілеттілік индексі» деп аталады. Мұнда негізге М.Портердің бәсекеқабілеттілік теориясы алынды.

2006 жылдан бастап ДЭФ бәсекеқабілетті бағалау құралы ретінде бірыңғай құрал – жаһандық бәсекеқабілеттік индексі қолданылды. Бұл индексті АҚШ-тың Колумбиялық университеті профессоры Хавьер Сала – и – Мартин жасақтады. ЖБИ бірнеше компоненттен тұрады. Компоненттер 12 көрсеткіштерге (факторларға) жіктеледі [9].

Факторлар өз кезегінде 3 топқа жіктеледі. Факторлық тиімді және инновациялық. Бағалау нәтижесінде 12 фактор бойынша белгілі орынға ие болады. Критерия негізінде жан басына шаққандағы ЖІӨ алынады.





Сурет 2 - Бәсекегеқабилеттіліктің 12 факторы

Кесте 1 - Дамудың белгілі кезеңіне арналған табыс деңгейінің шекаралары

Даму кезеңдері	Тұтынушылық мүмкіндігі бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ\$
1. Факторлық талдау кезеңі	<2000
1-ден 2-ге өту кезеңі	2000-3000
2.Тиімді даму кезеңі 2-ден – 3-ке өту кезеңі	3000-9000
3. Инновациялық даму кезеңі	9000-17000
	> 17000

Осы көрсеткіштердің негізінде елдердегі индекстің төмендеуі себептерін анықтауға болады.

ЖБИ мына формула бойынша есептеледі.

$ЖБИ_{ic} = a_{s1}Basic_i + a_{s2}Efficiency_i + (1-a_{s1} - a_{s2}) S$ мұндағы S= дамудың 1-ші, 2-ші және 3-ші (innovatijni) даму кезеңдері 0-ден 1-ге дейінгі кездейсоқ таңдау мәніне ие салмақтар.

Қазақстан Республикасы 2011 жылы 142 елдің ішінде 72 порцияда болды. Қазақстан Республикасы бойынша ЖБИ жыл сайын өзгереді, себебі 12

фактор бойынша кейбір көрсеткіштер төмендеді, сондықтан қатысатын елдер құрамы да өзгеріп отыр [9].

ЖБИ бойынша ұлттық инновациялық жүйені бағалау үшін «Инновациялық және күрделілік факторлары» деген субиндекс қолданылады. Ол бизнесті дамыту жағдайлары мен инновация факторларынан тұрады.

Осы көрсеткіштер бойынша лидерлер: Швейцария, Швеция, Япония, Финляндия, Германия, АҚШ 6-шы орында. Швейцария экономикасының инновациялық белсенділігін артуы ғылым зерттеу жұмыстарына шығынның көп болуы, халықаралық ғылыми орталықтармен бірлестігі, ғылыми зерттеулерге арналған инфрақұрылымның дамуы.

2. Евразиялық қауымдастық комиссиясының инновациялық қызметті бағалау көрсеткіштерінің жүйесі. Бұл жүйе Евразиялық қауымдастығының компанияларының (ЕҚК) кәсіпкерлік қызметтің директорымен жасақталады. Бұл көрсеткіш Евразиялық кеңеске мүше елдердің инновациялық қызметін бағалау үшін қолданылады, сонымен қатар АҚШ және Жапония елдерінің көрсеткіштерінен салыстырғанда 2000 жылдан бастап Европалық



инновациялық кесте жарияланды. ЕҚК көрсеткіштері үнемі қаралып жаңартылады. Бастапқыда жүйеде 4 топқа бөлінген 20 индикаторды қамтыды.

1. адам ресурстар (5 индикатор);
2. жаңа білім генерациясы (4 индикатор);
3. білім трансфері және қолдану (4 индикатор);
4. инновациялық қаржыландыру, инновациялық қызмет нәтижелері (7 индикатор);

Қазақстан Республикасында 2003 жылдан бастап статистика бойынша Агенттігімен ғылым және инновация көрсеткіштері терілген статистикалық жинақ жариялымға шығады. Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызмет көрсеткіштерінің жүйесі халықаралық стандарттармен реттеледі. Евростатистика және экономикалық бірлестік және даму ұйымымен бірлесе қызмет ете отырып, Қазақстан Республикасының Статистика Агенттігімен көрсеткіштер жүйесі мен инновациялық қызмет терминологиясы бойынша жүйені жетілдіру жұмыстары жүргізіледі [9].

Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызметті статистикалық бағалау тәсілдемесі «Осло нұсқаулығы» және «Фраскати нұсқаулығына» сәйкес негізделген. Қазақстан Республикасында ғылымды және инновациялық қызметті талдау үшін келесі көрсеткіштер тобы қолданылады:

1. Ғылыми – техникалық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар – секторлар бойынша, меншік формасы бойынша және салалар бойынша зерттеу мен жасақтамаларды орындайтын ұйымдар саны;
2. ҒЗТҚЖ саласындағы персонал – ұйым типі бойынша, білім деңгейі бойынша, қызмет секторы бойынша зерттеумен жасақтаумен айналысатын персонал саны.
3. Материалдық – техникалық база – зерттеу мен жасақтау үшін негізгі құралдар, экономикалық қызмет түрлері бойынша негізгі капитал инвестициялары
4. Ғылыми – техникалық жұмыстардың орындалуы және ғылымды қаржыландыру – ғылыми – техникалық жұмыстар көлемі, зерттеу және жасақтауға жұмсалатын шығындар, зерттеу мен жасақтамаларға қатысатын персоналдар жалақысы
5. Ғылыми зерттеу және жасақтамалардың нәтижелілігі – жаңа технология және техника объектісін қалыптастырған ұйымдар саны, патенттік статистика
6. Инновациялар – кәсіпорынның инновациялық қызмет көрсеткіштері, технологиялық инновацияға арналған шығындар құрылымы.

Қазіргі уақытта ғылым статистикасының техника мен инновацияның халықаралық стандарттар статистикасында, сонымен қатар, отандық статистикада технологиялық инновация статистикасы қолданылады.

Технологиялық инновация азық – түліктік және үдерістік инновация деп екіге бөлінеді. Азық – түлік инновациясы жаңа немесе технологиялық жетілген өнімдерді жасақтау мен енгізуді қамтиды. Үдерістік инновация технология жағынан өндірістік жаңалықтардың енгізілуі. Ғылыми және инновациялық әлеует қатарынан жүзеге асырылмайды және тиімсіз. Инновацияның болмауы ғылыми кадрларға және ғылыми – технологиялық инфрақұрылымға деген сұранысты қысқартады, бұл елдің әлеуетін төмендетеді. Инновациялық қызметтің толық жолдануы инновациялық әлеует, инновациялық үдеріс арқылы анықталады [10].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан -2030» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жыл, 12 желтоқсан //http://www.akorda.kz/kz/page_poslanie-presenta-republiki-kazakhstan-lidera-natsii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazakhstanana-(02.02.2013)
2. «Инновациялық қызмет туралы» ҚР-ның заңы//Казахстанская правда 2002 ж. 2 шілде.
3. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы, 2010 жыл - 13 сәуір.



Загриценко Ирина Петровна (Алматы, Қазақстан) ВЛИЯНИЕ БИОЛОГИЧЕСКИ АКТИВНЫХ ВЕЩЕСТВ НА ВСХОЖЕСТЬ СЕМЯН ЗЛАКОВЫХ КУЛЬТУР.....	186
Батырханова Ә. А., Пай Я. Э., Калабина А. А., Крученецкий В.З., Тлевлесова Д.А. (Алматы, Қазақстан) К ЭКСПРЕСС ОЦЕНКЕ БЕЗОПАСНОСТИ МЯСНОГО СЫРЬЯ, МЯСОПРОДУКТОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ.....	190
Ахмедов С.А. (Ташкент, Узбекистан) ЛИБЕРАЛИЗАЦИЯ ВАЛЮТНОЙ ПОЛИТИКА УЗБЕКИСТАНА.....	194
Нұрланова Ұ.Н. (Түркістан қ., Қазақстан) ҚОЛӨНЕР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ДАЯРЛАУ.....	197
Черник Валентина Федоровна (Минск, Беларусь) ЦИТОЭМБРИОЛОГИЧЕСКОЕ ИЗУЧЕНИЕ ИНТРОДУЦЕНТОВ И ВИДОВ РАСТЕНИЙ В КРАЕВЫХ ЗОНАХ АРЕАЛА.....	207
Нұртай Гүлфайра Қанатқызы, Шалғынбаева Қадиша Қадыровна (Астана, Қазақстан) «БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ДАМУЫ».....	211
Alexandra O. Goncharova, Marina V. Kashirina (Moscow, Russia) TAXATION OF ORGANIZATIONS IN THE FIELD OF CONSTRUCTION.....	215
Хожанов Шарапатдин Балтаниязович, Абдиев Азамат Турғанбаевич (Узбекистан) «АЛПАМЫС» ДӘСТАНЫНДААНТОНИМЛЕРДИҢҚОЛЛАНЫЛЫҰЫ.....	219
Ерназарова С.С., Мендаяқова Қ. (Алматы, Қазақстан) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ.....	211
Анарқұл Айжан Нұржанқызы, Жанбыршина Нурсауле Жакибековна (Астана, Қазақстан) ШАЛҒАМ ДАҚЫЛЫНЫҢ ТҰҚЫМДАРЫНЫҢ ӨНУІ МЕН ӨСКІНДЕРІНІҢ ӨСУІНЕ НАТРИЙ ГУМАТТЫҢ ӨСЕРІ.....	226
Бактыбеков А., Ақматбекова Ж. А. (Бишкек, Кыргызстан) МААЛЫМАТ АЛМАШУУ ПРОЦЕССИНДЕГІ КАРАМА-КАРШЫ КӨЗ КАРАШТАР.....	229
Хамидуллина Жанат Баймуратовна, Дарискалиева Майра Сибагатовна, Идельбаева Алима Сырымовна (Атырау, Қазақстан) БӨЛШЕК САУДАНЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ҰЙЫМДАСТЫРАТЫН КӘСІПОРЫНДАРДА БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	233
Nurjabova Dilafruz Shukrullaevna, Eshboyev Feruz student, Abdurasulov Javokhirstudent (Karshi, Uzbekistan) IMPROVING INFORMATION SYSTEM OF WEB – SITE ABOUT ORGANIC FARMING.....	237
Кулжумурова Лаура Куантаевна (Ақтөбе, Қазақстан) ФУНКЦИИ В ЖИЗНИ ЧЕЛОВЕКА.....	240
Садыкова Гульнар Сериковна (Ақтөбе, Қазақстан) «АДАМ – ӨМІРІНДЕГІ КОМПЬЮТЕРДІҢ РӨЛІ.....	245
Дуйсенова Шолпан Турановна, Атыханов Айбек Кашкымбайұлы, Димитър Петков Караиванов (Алматы, Қазақстан, Болгария) ИССЛЕДОВАНИЕ ОБЪЕМА, МАССЫИ ПЛОТНОСТИ СЕМЯН СОИ.....	249
Осмоналиева Г.К. (Бишкек, Кыргызстан) КЫРГЫЗ ТИЛИН КӨП ТИЛДҮҮ ЧӨЙРӨДӨ ОКУТУУДА ТИЛ БИЛҮҮ ДЕНГЭЭЛДЕРИ БОЮНЧА ЛЕКСИКАЛЫК МИНИМУМДУН МААНИСИ.....	254
Тілеубай С.Ш., Токсанова С.К., Молдабаева З.К. (Қызылорда, Қазақстан) IOS, ANDROID ЖӘНЕ WINDOWS PHONE ПЛАТФОРМАЛАРЫНДА МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ӨЗІРЛЕУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	258



Нематова Мадина Улуғбековна (Ўзбекистан) ДЖИНС МАТОСИНИ ТИКИШГА МЎЛЖАЛЛАНГАН ТИКУВ МАШИНАЛАРИНИ АВТОМАТЛАШТИРИШ ВА ТАКОМИЛЛАШТИРИШНИНГ ИЛМИЙ МУАММОЛАРИ.....	263
Қорған Б.Б., Адиетова Э.М., Нургалиева А.А., Жасұланов Е. (Атырау, Қазақстан) ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ НЕОИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ ҮЛГІЛЕРІ.....	265
Tosheva G.D. (Bukhara, Uzbekistan) THE TEACHING OF INDIVIDUAL STUDENTS OF INNOVATIVE TEACHING EDUCATION.....	274
Нематова Мадина Улуғбековна (Ўзбекистан) ДЖИНС МАТОСИНИ ТИКИШГА МЎЛЖАЛЛАНГАН ТИКУВ МАШИНАЛАРИНИ АВТОМАТЛАШТИРИШ ВА ТАКОМИЛЛАШТИРИШНИНГ ИЛМИЙ МУАММОЛАРИ.....	276
Режаметова Нилуфар Илхамовна (Ташкнт, Ўзбекистан) ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ РЕБЕНКА В МУЗЫКАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЕ С УЧЁТОМ ОСОБЕННОСТЕЙ НАЦИОНАЛЬНОГО ФОЛЬКЛОРА.....	278
Нарзиллоева Зайнура Зоҳиддовна, Саидова Азиза Собировна (Бухара, Ўзбекистан) ЭКОНОМИЧНОСТЬ ПРОЕКТИРУЕМЫХ МОДЕЛЕЙ ОДЕЖДЫ.....	280
Шарипова Шахло Садуллаевна (Бухара, Ўзбекистан) ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ.....	283
Hasanov Ulug' Ibrohimovich, Ahmadov Akmal Avazovich (Buxoro, O'zbekiston) USHNBURSHAK TISHLI TIRMA.....	288
Вдовицкая Светлана Александровна (Сарань, Казахстан) УРОК ОБЩЕТРУДОВОЙ ПОДГОТОВКИ В 5 КЛАССЕ НА ТЕМУ «ГУСЕНИЦА ИЗ ФЕТРА. ПРИШИВАНИЕ ПУГОВИЦ».....	290
Демин Владимир Федорович, Демина Татьяна Владимировна (Қарағанда, Қазақстан) ТЕХНОЛОГИЯ УПРОЧНЕНИЯ ПОРОД ПОЧВЫ С УЧЕТОМ ГЕОМЕХАНИЧЕСКОГО СОСТОЯНИЯ ГОРНОГО МАССИВА ВОКРУГ ВЫРАБОТКИ.....	294
Усманова Н.М. (Самарканд, Ўзбекистан) ИНТЕРАКТИВ НА ЗАНЯТИЯХ - МОТИВАЦИЯ К ОБУЧЕНИЮ.....	299
Шарипов Файзулло Нарзиевич, Кўчаров Жамшид Қулназарович (Қарши, Ўзбекистон) “ТОҚИ КИСРОДАН” БУЮКРОҚ ОҚСАРОЙ.....	301
Рахимбаева А.К., Шалабаев Б. (Бишкек, Кыргызстан) АНАТОМО-ТОПОГРАФИЧЕСКОЕ ОБОСНОВАНИЕ ВЫБОРА ХИРУРГИЧЕСКИХ ДОСТУПОВ ДЛЯ УДАЛЕНИЯ ОБЪЕМНЫХ ДЕСТРУКТИВНЫХ ОБРАЗОВАНИЙ ЧЕЛЮСТНО-ЛИЦЕВОЙ ОБЛАСТИ.....	304
Амирова М.А., Ибрагимова Ф.Г. (Семей Қазақстан) ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ И ЮРИДИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ ТЕНДЕРА ПРИ ОСУЩЕСТВЛЕНИИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	308
Рахметуллаев Ж.Б., Буламбаева Ж.Р., Повед А. (Қарағанды, Қазақстан) АРНАЙЫ ДӘРІГЕРЛІК ТОПТАҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	312
Сабырбай Бекболат Еділбайұлы (Қарағанды, Қазақстан) СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСБИЛІГІНІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ.....	315
Есмуратова К.Г. (Өскемен, Қазақстан) ПЕДАГОГИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ.....	318
Шәріп Еркебұлан Жұмаденұлы (Атырау, Қазақстан) СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ДАМУЫН ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	321



Mustafa Erkan, Coskun Firat, Alma Yerzhanova (Istanbul, Turkey, Almaty, Kazakhstan) HOW IS 50% OF THE HOT WATER CONSUMPTION IN A CAMPUS COMPLEX COVERED BY SOLAR ENERGY?.....	324
Айтимова М.Н., Оразаева Г.С. (Алматы қ., Қазақстан) ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН АРНАЙЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МУЗЫКА ЖӘНЕ ЫРҒАҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	331
Расулова Асем Мансуровна (Алматы, Қазақстан) ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ИНСТРУМЕНТЫ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ОТЕЧЕСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ.....	335
Абдирасилова Г.С., Есенбаева А.Е. (Астана, Қазақстан) ҚОНАҚ ҮЙЛЕРДЕ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ ҮРДІСТЕРІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ.....	339
Алимханова Р.К., Алтайбаева Ж.К. (Алматы, Қазақстан) ИНВЕСТИЦИИ КАК ОСНОВОПОЛАГАЮЩИЙ ФАКТОР ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ТЕРРИТОРИАЛЬНЫХ ПРИРОДНО-РЕКРЕАЦИОННЫХ СИСТЕМ.....	340
Юсупов Иззат Султонович (Урганч, Ўзбекистон) XVI-XIX АСРЛАРДА ХИВА ХОНЛИГИДА АЛОҚА ҚИЗМАТИНИНГ РИВОЖЛАНИШ ТАРИХИГА БИР НАЗАР.....	345
Эльдарова Эльмира Эльдақызы (Астана, Қазақстан) ЦИФРЛЫҚ БЕЙНЕЛЕР САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ МЕТРИКАЛАРЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ.....	348
Пенькова Ольга Анатольевна (Гродно, Беларусь) ГЕНДЕРНЫЙ ВЕКТОР В МАРКЕТИНГОВОЙ ПОЛИТИКЕ FASHION ИНДУСТРИИ РЕСПУБЛИКИ БЕЛАРУСЬ.....	355
Жетібаев Ж.К., Ыдырышева С.К. (Астана, Қазақстан) ЭЛЕКТРОНДЫҚ МӘМЛЕНІ РЕТТЕУДЕ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЗІ КЕЛДІ.....	358
Кувшинникова Ольга Александровна, Мақсатова Арайлым Мақсатқызы (Усть- Каменогорск, Қазақстан) ПРИНЦИПЫ ОБРАЗНО-ПОНЯТИЙНОГО ОТРАЖЕНИЯ ФРАГМЕНТОВ ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНОЙ КАРТИНЫ МИРА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АВТОРОВ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	361
Кунашев Нурбулат Махсотович (Западно-Казакхстанская область, г. Уральск) Модернизация профессионально технического образования Республики Казакхстан.....	362



Научное издание

V Международная научно-практическая
конференция
**«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019:
CENTRAL ASIA»**

Сборник научных статей
Ответственный редактор – Х.Б. Маслов
Технический редактор – Е. Ешим, Е. Абиев

Подписано в печать 30.03.2019.
Формат 190x270. Бумага офсетная. Печать СР
Усл. печ. л. 25 п.л. Тираж 60 экз.
Типография «Мастер ПО», 010005, Астана, ул.Пушкина, 15-76
Тел.: 8/7172/223-418 e-mail: masterpo08@mail.ru

